

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Сауда өкілдіктерінің бөлімшелерін ашу туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 мамырдағы N 372 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Сауда өкілдіктерінің бөлімшелерін ашу туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Ғалым Избасарұлы Оразбақовқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Келісімнің жобасына қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Сауда өкілдіктерінің бөлімшелерін ашу туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы » 8

м а м ы р д а ғ ы

N 3 7 2

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Сауда өкілдіктерінің бөлімшелерін ашу туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

екі жақты сауда-экономикалық қатынастардың үдемелі дамуы қажеттілігін ескере отырып,

1992 жылғы 22 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Сауда өкілдіктерін өзара құру туралы келісімнің 5-бабын басшылыққа ала отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қазан қаласында Қазақстан Республикасы Сауда өкілдігінің бөлімшесі және Алматы қаласында Ресей Федерациясы Сауда өкілдігінің бөлімшесі (бұдан әрі - сауда өкілдіктерінің бөлімшелері) ашылсын.

2-бап

Сауда өкілдіктерінің бөлімшелері Тараптар мемлекеттерінің сауда өкілдіктерінің өздері үшін белгіленген өкілеттіктері шегінде Тараптар арасындағы сауда және экономикалық ынтымақтастықтың басқа да түрлеріне қатысты мәселелер бойынша Тараптар мемлекеттерінің мүдделерін білдіреді.

3-бап

Сауда өкілдігі бөлімшесінің басшысы, оған Тарап мемлекетінің Сауда өкілі берген өкілеттіктер шегінде әрекет етеді және оның тікелей бағынысында болады.

Сауда өкілдігі бөлімшесінің басшысы, қызметкерлері, сондай-ақ әкімшілік-техникалық персоналы шетелдік дипломатиялық өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық персоналының тиісті санаттарына халықаралық құқыққа сәйкес танылатын барлық артықшылықтар мен иммунитеттерді п а й д а л а н а д ы .

Сауда өкілдігі бөлімшесінің қызметтік және тұрғын үй-жайлары, оның мүлкі және мұрағаты дипломатиялық өкілдіктердің қызметтік және тұрғын үй-жайларына, мүлкіне және мұрағатына халықаралық құқыққа сәйкес танылған иммунитеттер мен артықшылықтарды пайдаланады.

4-бап

Сауда өкілдігі бөлімшесінің штат саны Сауда өкілдігін құрған Тарап мемлекетінің барлық санаттағы қызметкерлері мен азаматтары болып табылатын 5 адамнан аспайды.

Өзаралық қағидаты негізінде және Тараптардың келісімі бойынша Сауда өкілдігі бөлімшесінің штат саны ұлғайтылуы мүмкін.

5-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және (немесе) қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер жолымен шешіледі.

6-бап

